

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі N 648 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қыркүйектегі N 980 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі N 648 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы
5 шілдедегі N 648 Жарлығына толықтыру енгізу туралы**

Ұлттық және жалпы адами құндылықтардың ғылым мен техника жетістіктерінің негізінде жеке адамның қалыптасуына дамуы мен кәсіби жетілуіне едәуір үлесін ескере отырып және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы" 2001 жылғы 5 шілдедегі N 648 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 27, 331-құжат) мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетіне".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті